

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 1300 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 тамыздағы N 804 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 маусымдағы № 355 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.06.2022 № 355 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламенті туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 1300 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 44, 443-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламентінде:

"Үкіметтің мәжілістерін дайындау және өткізу тәртібі" деген 4-бөлімі 18-тармағының 2) тармақшасында: "(қаріптің түрі мемлекеттік тілдегі мәтіндер үшін - "Times/Kazakh", орыс тіліндегі мәтіндер үшін - "Arial)" деген сөздер " мемлекеттік және орыс тілдерінде қаріптің гарнитурасы "TimesNewRoman" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Мемлекеттік органдардың Үкімет қаулылары мен Премьер-Министр өкімдерінің жобаларын дайындау және ресімдеу тәртібі" деген 5-бөлімнің 35-тармағында "(қаріп үлгісі мемлекеттік тілдегі мәтіндер үшін - "Times/Kazakh", орыс тіліндегі мәтіндер үшін - "Arial"; қаріп мөлшері 14)" деген сөздер " мемлекеттік және орыс тілдерінде - қаріп мөлшері 14, қаріптің гарнитурасы " TimesNewRoman", кодтау стандарты ҚР СТ 1048-2002 стандартына сәйкес" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі